

Тіркеу №46_
04_. 06_. 2025 ж.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
22.05.2025 жылғы № 30
қаулысымен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ереже**

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының жалғыз
акционерінің шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (күні, нөмірі):**

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күні	№	тіркеу №

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жалғыз акционерінің
« ____ » _____ 20__ ж. № _____ шешімімен күші жойылды деп танылды

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	2-бет 24-тен
---	---	-----------------

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже):

1) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Директорлар кеңесінің қызметін;

2) Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын талаптарды;

3) Қордың Директорлар Кеңесінің отырыстарына/сырттай дауыс беруге арналған материалдарды дайындауды;

4) Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарын/сырттай дауыс беруді өткізу және Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібін регламенттеу мақсатында әзірленді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Жарғысында және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінде көзделген Қордың Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін нормаларға сәйкес келеді.

3. Ереже Қордың Директорлар кеңесінің негізгі мақсаты мен қызметін, құрылу тәртібін, мәртебесі мен құрамын, Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін, Қордың Директорлар кеңесі жұмысының ұйымдастырылуын және оның Қордың жалғыз акционерімен және Басқармасымен өзара іс-әрекетін айқындайды.

4. Ережеде пайдаланылатын терминдер, анықтамалар және қысқартулар:

1) Акционер – Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті. Қордың акцияларын сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады;

2) АҚ туралы заң – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

3) Кодекс – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі;

4) Басқарма – Қордың алқалық орган ретінде әрекет ететін атқарушы органы;

5) Директорлар кеңесі – Қордың және Басқарманың қызметіне жалпы басшылық жасауға және бақылауға жауапты Қордың акционері болып оның мүшелерін сайлау жолымен құрылатын Қордағы басқару органы;

6) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

7) Жарғы – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Жарғысы.

5. Ережеге қосымшалардың тізбесі:

1-қосымша – «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің ____ жылға арналған жұмыс жоспары;

2-қосымша – Күн тәртібі мәселесі бойынша түсіндірме жазба;

3-қосымша – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы;

4-қосымша – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің шешімі;

5-қосымша – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мүшесінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетень.

6. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қор Жарғысын, Кодексін, Ережені және басқа ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	3-бет 24-тен
---	---	-----------------

7. Директорлар кеңесі Акционердің айрықша құзыретіне АҚ туралы заңмен және Жарғымен жатқызылатын мәселелерді қоспағанда, Қор қызметін жалпы басқаратын, сонымен қатар өз құзыретінің шегінде Басқарманың қызметін бақылайтын Қордың басқару органы болып табылады.

8. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға өкілетті.

9. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

10. Акционер Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілейді, оның мүшелерін сайлайды (қайта сайлайды) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін атқарғаны үшін оларға сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен талаптарын айқындайды.

2-тарау. Директорлар кеңесінің мақсаты, қызметінің қағидаттары және қызметі

11. Директорлар кеңесі қызметінің негізгі мақсаттары:

1) Акционердің, міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың, нысаналы талаптарға қатысушылардың және нысаналы төлемдерді алушылардың мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау;

2) Қор қызметінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу;

3) өз құзыретінің шегінде Басқарманың қызметін бақылау және Қор қызметін оның құрылу мақсатына қарай сәйкестендіруді жүзеге асыру болып табылады.

12. Қызметтің негізгі мақсаттарын іске асыру үшін Директорлар кеңесі мынадай қағидаттарды:

1) Қор қызметі туралы нақты және толық ақпаратты пайдалана отырып, мәселелерді алқалы және ойласып талқылау негізінде шешімдерді қабылдауды;

2) Акционердің Қорды басқару, Акционердің Қор туралы ақпаратты алуына қатысуға Акционердің заңды мүдделері мен құқықтарының шектелуіне жол бермеуді;

3) Директорлар кеңесінің Акционердің мүддесіне орай барынша нақты шешімдерді қабылдауды;

4) міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың, нысаналы талаптарға қатысушылардың және нысаналы төлемдерді алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтасыз етуді;

5) Жарғы мен Кодексте баяндалған басқа қағидаттарды басшылыққа алады.

13. Директорлар кеңесінің негізгі қызметіне:

1) Қордың корпоративтік даму стратегиясын айқындау (бағыттары мен нәтижелері);

2) Қордың даму жоспарын айқындау және өзектендіру, Қордың даму жоспарында белгіленетін негізгі қызмет көрсеткіштерін мониторингілеу;

3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін және негізгі тәуекелдерді сәйкестендіруді ұйымдастыру және қадағалау;

4) Қорда корпоративтік басқару қағидаттарының және іскерлік әдептің корпоративтік стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету;

5) оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік дауды реттеу;

6) Қордың орнықты дамуын енгізуді бақылау кіреді.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	4-бет 24-тен
---	---	-----------------

14. Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру үшін:

1) тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын Қор бөлімшесінен:

тәуекелдерді басқару жүйесінің талаптарын сақтау (пайдалану) туралы ақпаратты, оның ішінде Қордың меншікті активтері бойынша тәуекел-сыйымдылық деңгейін сақтау мониторингінің нәтижелерін - тоқсан сайынғы негізде;

тәуекелдер картасын, тәуекелдер тізілімін, тәуекелдерге ден қою (тәуекелдерді азайту) жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекел-сыйымдылық пен тәуекелге төзімділіктің жиынтық деңгейлерін - Қордың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген нысан бойынша жыл сайынғы негізде;

2) Қордың бюджетті талдау және жоспарлауды жүзеге асыратын бөлімшесінен өткен есепті кезең үшін сол кезеңмен салыстырғандағы және қызметінің жоспарланған көрсеткіштерімен Қордың операциялық (ағымдағы) қызметінің ағымдағы нәтижелері туралы есептерді – тоқсан сайынғы негізде;

3) Қордың Ішкі аудит қызметінен Қор қызметін жақсарту бойынша орын алған кемшіліктер мен ұсынымдар туралы қорытынды қамтылған тексеру нәтижесі бойынша есептерді – есептердің дайындалуына қарай тоқсан сайынғы негізде алады.

Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің есептерін талдайды және өз шешімі арқылы Ішкі аудит қызметі анықтаған жөнсіздіктерге Қордың кейінгі қызметінде жол бермеу бойынша шаралар қолданады;

4) Басқармадан Қор қызметін жақсарту бойынша Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылау нәтижелері туралы есепті – тоқсан сайынғы негізде алады.

Директорлар кеңесіне берілетін ақпарат және (немесе) есептер Директорлар кеңесінің қарауы үшін күн тәртібіне енгізіледі немесе Басқарма Төрағасының не оның орнындағы адамның қолымен расталған ілеспе хатпен Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі.

15. Директорлар кеңесінің құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда айқындалған.

16. Директорлар кеңесінің мүшесі өзіне Қазақстан Республикасы заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес жүктелген қызметтерін басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.

17. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен Акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қайшылығын, оның ішінде Қор меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі болса да жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қордағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

3-тарау. Директорлар кеңесінің мүшесіне қойылатын талаптар

18. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленеді.

19. Директорлар кеңесінің мүшелері кандидаттардың құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескеретін ашық және әділ конкурсқа сәйкес сайланады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

20. Акционер мемлекеттік органдардың Қоғамның операциялық қызметіне араласуын болдырмау, сондай-ақ қабылданған шешімдер үшін Директорлар кеңесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда,

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	5-бет 24-тен
---	---	-----------------

мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаудан тартыну керек.

21. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына мемлекеттің өкілі ретінде мемлекеттік қызметші болып табылмайтын адамдар белгіленген тәртіппен ұсынылуы мүмкін.

22. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

23. Қоғамның тәуелсіз директорларын іріктеу Қоғамның Акционері айқындаған тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

24. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Директорлар кеңесінің құрамы:

1) Акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

2) Акционер болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар;

3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілі;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілі;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның өкілі арасынан құралады.

25. Төмендегі адамдар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде, Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сай келмейтін;

2) бұдан бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің Төрағасы, атқарушы органының басшысы, басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады;

3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметкері немесе лауазымды адамы болып табылатын және (немесе) Қор алдындағы қандай да бір төлемдер бойынша немесе басқа да міндеттемелер бойынша берешегі бар және (немесе) Қормен құқықтық дауға немесе сот процесіне тартылған (егер Директорлар кеңесі Төрағасының ерекше мақұлдауын алмаса) Қордың қызметкері немесе лауазымды адамы.

26. Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына кандидаттың уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйым тәуелсіз директор болып табылатын, Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе мүшесі лауазымына сайланған адамға қолданылмайды, ол сайланған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

27. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлауға жол беріледі.

28. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып ерекше қаралуға тиіс.

Ерекше жағдайларда алты жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын Директорлар кеңесінің осы мүшесін

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	6-бет 24-тен
---	---	-----------------

сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін жан-жақты түсіндіре отырып жүргізіледі.

29. Бір адам Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан аса сайлана алмайды

Ешбір адам өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

30. Басқарманың Төрағасынан басқа мүшелері, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитетінің Төрағасы болып сайлана алмайды

31. Акционер Директорлар кеңесінің, сонымен қатар Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

32. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесі сайланған кезде аяқталады.

33. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

34. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционер арқылы жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір уақытта аяқталады.

35. Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген мүдделер дауына қатысты:

1) жеке немесе заңды тұлғалардан сыйлықтар, қызметтер немесе ресми іс-шараларды өткізу кезінде кәдесыйларды немесе сыпайылықтың жалпылама қабылданған қағидаларына сәйкес символикалық сыпайылық белгілерін қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшесінің өз лауазымдық дәрежесі аясында қабылданған немесе жасалған шешімдер мен іс-әрекеттері үшін сыйақы болып табылатын немесе қаралуы мүмкін қандай да бір басымдықтарды алмау;

2) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған конфиденциалды және өзге де ақпаратты осындай ақпаратқа рұқсаты жоқ адамдарға жария етпеуі, сондай-ақ оны Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде және Қорда жұмысы аяқталғаннан кейінгі 5 (бес) жыл ішінде өзінің мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбауы;

3) Қордың қауіпсіздік режимімен және құпия ақпаратын сақтаумен байланысты Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген барлық қағидалар мен рәсімдерді сақтаулары қажет.

36. Директорлар кеңесі мүшелерінің Қормен қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, Жарғыға, Кодекске және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына негізделеді, Директорлар кеңесі мүшелерінің – тәуелсіз директорлардың қатынастары Қор атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қоятын азаматтық-құқықтық шарттармен реттеледі.

4-тарау. Директорлар кеңесі мүшесінің құқықтары

37. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі қамтылған жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	7-бет 24-тен
---	---	-----------------

2) Директорлар кеңесі қарастыратын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін айтуға (Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің көзқарасын (ерекше пікірін) жазбаша нысанда білдіруге құқылы);

3) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер мен қабылдаған шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

4) Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жіберу арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

5) сыйақы алуға (Акционердің шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алатын болса);

6) кезек күттірмейтін шешімдерді қабылдау үшін Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге бастамашылық етуге;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасында, Қордың Жарғысы, Кодексі және басқа да ішкі нормативтік құжаттарында көзделген басқа да құқықтарға құқылы.

5-тарау. Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері

38. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Кодексте және Ережеде қамтылған талаптарды, Акционердің, міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың, нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы төлемдерді алушылардың және тұтастай Қордың мүддесіне қарай іскерлік әдеп қағидалары мен қағидаларын сақтауға;

2) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған Қор туралы ақпараттың жасырындылығын, оның ішінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін жүзеге асыру тоқтатылған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақтауға;

3) Қор жағдайын мониторингілеуге және Қордың басқа органдары және лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланысты үзбеуге;

4) өзі мүшесі болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстары мен жұмысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;

5) Басқармаға өзінің болмау себебін көрсете отырып Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмау мүмкіндігі туралы алдын ала хабарлауға;

6) Қордың және Акционердің мүддесіне орай хабардар, ашық болу негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Жарғысының және ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әрекет етуге;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

39. Тәуелсіз директор:

1) корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пайымдаулар беруге міндетті;

2) тәуелсіздігінен айыратын іс-әрекеттерден қалыс қалуға міндетті. Егер тәуелсіз директор жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде тәуелсіз болудан қалса, ол 2 (екі) жұмыс күн ішінде бұл туралы Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлауы қажет.

6-тарау. Директорлар кеңесінің Төрағасы

40. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

41. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында; және (немесе) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау саласында;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	8-бет 24-тен
---	---	-----------------

және (немесе) қаржылық қызметтер көрсету саласында; және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша; және (немесе) экономика және қаржы саласында реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарда; және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызметтерді реттеу саласында; және (немесе) қаржы ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтылымды әзірлеу саласында; және (немесе) осы тармақта тізбелеп көрсетілген салаларда қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларда бес жылдық жұмыс өтілі, оның ішінде басқарушы лауазымында кемінде екі жылдық жұмыс өтілі болмаған адам Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі Төрағасының лауазымына кандидат болып табылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы басшысының орынбасары үшін осы тармақта көзделген еңбек өтілі талап етілмейді.

42. Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау туралы мәселені шешкен кезде мемлекеттік мүлік жөніндегі орталық уәкілетті органның және тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын өкілдерін сайлаудан бас тарту ұсынылады.

43. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлайды, күн тәртібін қалыптастырады және бекітеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;
- 3) Директорлар кеңесінің стратегиялық мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға назар аударуын қамтамасыз етеді;
- 4) талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және кеңінен қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелілігін қамтамасыз етеді;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімге қол қояды;
- 6) негізгі стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде консультациялар ұйымдастыруды қамтитын Акционермен тиісті тиісті қарым-қатынас орнатады және өзара іс-қимыл жасайды;
- 7) Директорлар кеңесі мен Акционердің қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуын мониторингілеуді және қадағалауды қамтамасыз етеді;
- 8) корпоративтік қайшылықтар туындаған жағдайда оларды шешу және Қордың қызметіне теріс ықпалын азайту шараларын қабылдайды және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Акционерге уақтылы хабарлайды;
- 9) Қордың атынан материалдық көтермелеу мен жауапкершіліктің қызмет нәтижелеріне және Қордың даму жоспарының көрсеткіштерін орындауға тәуелділігін көздейтін Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасайды;
- 10) Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындау тиімділігін, оның ішінде отырыстардың жүйелілігі мен жиілігін бақылайды;
- 11) Қордан (не корпоративтік хатшыдан) Директорлар кеңесінің негізделген шешімдер қабылдауы үшін қажетті толық және өзекті ақпаратты Директорлар кеңесінің мүшелеріне уақтылы ұсынуын талап етеді;
- 12) жалпы Директорлар кеңесінің қызметін жыл сайынғы бағалауды, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін жеке бағалауды бақылайды.

44. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысы бойынша қабылданған

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	9-бет 24-тен
---	---	-----------------

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

7-тарау. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі

45. Директорлар кеңесінің отырыстары Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесі бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты (жылына кемінде алты отырыс) өткізіледі. Қажет болған жағдайда Қордың Директорлар кеңесі оның жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы.

46. Директорлар кеңесінің отырысы қатысу арқылы немесе сырттай дауыс беру нысанында өтеді.

47. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

48. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

49. Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырысының нысаны Қор қызметінің негізгі мәселелері бойынша мәселелерді қарау және шешімдерді қабылдау кезінде өткізіледі. Директорлар кеңесінің мүшелері жүзбе-жүз өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысына телефон немесе басқа байланыс құралы арқылы отырысқа қатысушылардың барлығына естуге және бір-бірімен сөйлесуге мүмкіндік беретін конференц-байланысының көмегімен қатыса алады. Осындай түрде қатысып отырған тұлға отырысқа өзі қатысқан болып саналады және Жарғыға сәйкес кворумды анықтау кезінде дауыс беруге және есептеуге құқығы бар.

50. Стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде, Директорлар кеңесінің жаңа Төрағасын сайлау кезінде, сондай-ақ Директорлар кеңесі айқындайтын өзге де мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруін өткізуге жол берілмейді.

51. Директорлар кеңесі жаңа құрамының бірінші отырысының күн тәртібіне міндетті түрде:

- 1) Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау туралы;
- 2) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы мәселелер енгізілуі керек.

52. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қордың ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қорға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) Акционердің талабы бойынша шақырылады.

53. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

54. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапта:

- 1) бастамашының тегі, аты, әкесінің аты не Қор органының немесе Директорлар кеңесін шақыру туралы талапты қойған заңды тұлғаның атауы;
- 2) отырыстың күн тәртібі;
- 3) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
- 4) талапқа қол қойған тұлғаның өкілеттігін растайтын сенімхат, хаттама немесе өзге де құжаттар (егер отырысты Қор аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым шақыртатын болса) қамтылуы қажет.

Шақыру туралы талапта бастамашының қалауы бойынша басқа да ақпарат қамтылуы мүмкін.

55. Директорлар кеңесі Төрағасы:

- 1) отырысты шақыру туралы талап Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін болса;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	10-бет 24-тен
---	---	------------------

2) талап қойған тұлғаның Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуға құқығы болмаса;

3) егер Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын мәселелердің шешімдері Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқылы емес.

56. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақыру туралы қойылған талапты күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде қарауға және отырысты шақыру бастамашысына қабылданған шешім туралы хабарламаны шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде жіберуге міндетті.

57. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты қанағаттандырған жағдайда, ол отырыстың өту нысанын айқындауға және отырыстың ұсынылған күн тәртібін толықтыруға құқылы.

58. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаптарымен Директорлар кеңесі отырысын шақыруға міндетті Басқармаға жүгінуге құқылы.

59. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасын немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірілмей шақыруы тиіс.

60. Директорлар кеңесінің мұндай отырысы көрсетілген талапты қоюшыны міндетті түрде шақырту арқылы өткізіледі.

61. Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыспауы отырыс хаттамасында көрсетіледі.

8-тарау. Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындау тәртібі

62. Басқарма көтерген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындауды тиісті құрылымдық бөлімшелер мынадай тәртіпте жүзеге асырады:

1) Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазба, Директорлар кеңесі шешімінің жобасы және Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселе бойынша басқа да материалдар Басқарма Төрағасының тапсырмасы бойынша аталған мәселенің бастамашысы болатын құрылымдық бөлімшемен дайындалады;

2) корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық материалдардың толық болуын тексереді және оларды мәлімет үшін Басқарма Төрағасына жібереді;

3) Басқарма Төрағасы бастамашылық жасалған мәселе бойынша түсіндірме жазбаға қол қояды (Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметіне қатысты мәселелер бойынша түсіндірме жазбаға қол қояды);

4) Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі Төрағасының шақыру туралы хатындағы бұрыштама немесе Басқарманың Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы шешімінің негізінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі қамтылуға тиіс және қағаз тасымалдағышта пошта арқылы жіберіледі не қолға беріледі не сканерден өткізілген көшірмесі түрінде электрондық пошта арқылы жіберіледі. Күн тәртібіне енгізілген мәселелер дереу қарауды талап ететін және Директорлар кеңесінің мүшелеріне олар бойынша материалдарды ұсыну мерзімі Директорлар кеңесінің Төрағасымен келісу бойынша қысқартылуы және кемінде күнтізбелік жеті күнді құрауы мүмкін жағдайларды қоспағанда, күн тәртібіндегі мәселелер

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	11-бет 24-тен
---	---	------------------

бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын беріледі.

63. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар корпоративтік хатшыға электрондық түрде pdf, doc (docx) форматында және қағаз тасымалдағышта толық көлемде ұсынылады.

64. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарға қойылатын талаптар:

1) Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдардың әр парағына Қордың бастамашылық жасаған құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қол қояды;

2) Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселе бойынша түсіндірме жазбаның мәтіні үш беттен аспауға тиіс, мәселені қарауға бастамашы болған құрылымдық бөлімшенің, құзыретіне осы мәселе кіретін құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерге жетекшілік ететін Қордың басшы қызметкерлері (Басқарма Төрағасының орынбасары, басқарушы директорлар) бұрыштама қояды;

3) Директорлар кеңесі шешімінің жобасына мәселені қарауға бастамашы болған құрылымдық бөлімшенің, құзыретіне осы мәселе кіретін құрылымдық бөлімшелердің басшылары, құрылымдық бөлімшелерге жетекшілік ететін Қордың басшы қызметкерлері (Басқарма Төрағасының орынбасары, басқарушы директорлар), сондай-ақ заң бөлімшесінің басшысы және оған жетекшілік ететін Қордың басшы қызметкері бұрыштама қояды;

4) мыналар:

Қор Басқармасының бастамасы бойынша шығарылатын мәселелер бойынша Басқарма шешімінен үзінді көшірме;

Директорлар кеңесі комитеттерінің құзыретіне жататын мәселелер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізілген жағдайда Директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) шешімінен үзінді көшірме міндетті түрде ұсынылады.

65. Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне электрондық пошта арқылы, ал қажет болған жағдайда қағаз тасымалдағышта жіберілуі мүмкін. Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың уақтылы берілуі үшін жауапкершілік Қордың корпоративтік хатшысына жүктеледі.

66. Корпоративтік хатшы Қордың қызметін ұйымдастырушылық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелермен бірлесе отырып, Директорлар кеңесінің отырысына ұйымдастырушылық дайындықты жүзеге асырады, Директорлар кеңесінің отырысын өкілетті өткізу үшін кворумды анықтайды.

67. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 (елу) және одан да көп пайызын құрайды және қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерін ескере отырып, техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция сеансы, телефон арқылы конференция байланысы және т.б. режимінде) пайдалана отырып не олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған кезде айқындалады.

68. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының Заңнамасында, Жарғыда өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

69. Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне болмайды. Директорлар кеңесінің мүшелерінің Директорлар кеңесінің қандай да бір отырысына қатысу үшін өздері жоқ болған уақытта өкіл тағайындауға құқығы жоқ.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	12-бет 24-тен
---	---	------------------

70. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүддесі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

71. Директорлар кеңесінің мүшесі қабылданған шешіммен толықтай немесе жартылай келіспесе, ол өзінің келіспеушілігін дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір түрінде баяндауға міндетті, оны корпоративтік хатшы қатысу тәртібімен өткізілетін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тіркейді. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша нысанда және бюллетеньге қоса берілуге тиіс.

72. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте отырыс хатшысы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан сайланады.

9-тарау. Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі

73. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде жасалады және оған отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде отырыста төрағалық еткен адам және корпоративтік хатшы қол қоюы тиіс.

74. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысының хаттамасында:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері (бар болса);
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер болуы тиіс.

75. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімі Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде жазбаша түрде ресімделеді және оған бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күннен бастап жеті күн ішінде Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Корпоративтік хатшы қол қоюға тиіс;

76. Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімінде:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс беру қорытындысын шығару орны;
- 3) сырттай дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша күн тәртібі;
- 4) әрбір мәселе бойынша шешімдерді тұжырымдау;
- 5) әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері;
- 6) Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері (бар болса) қамтылуы тиіс.

77. Сырттай дауыс беруге арналған Бюллетень Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс беру қорытындысын шығару орны;
- 3) дауыс беру қорытындысын шығару күні мен уақыты;
- 4) сырттай дауыс беруді өткізу бастамашысы туралы мәліметтер;
- 5) сырттай дауыс беруді өткізу туралы ұсыныстың келіп түскен күні;
- 6) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді ұсынудың соңғы күні;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	13-бет 24-тен
---	---	------------------

- 7) сырттай дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 8) әрбір мәселе бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілетін дауыс берудің нұсқалары;
- 9) мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.
78. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде осы шешім негізінде қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.
79. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысы хаттамасының және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдердің дұрыстығына жауапты болады.
80. Қатысу тәртібімен өткізілген отырыстардың хаттамаларын және сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді корпоративтік хатшы күнтізбелік жыл бойы сақтайды, жыл өткеннен кейін Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес архивке өткізіледі. Қатысу тәртібімен өткізілген отырыстардың хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге күнтізбелік жылға реттік нөмірлер беріледі.
81. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесінің хаттамасын немесе шешімін танысу үшін беруге және және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің Қордың уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған үзінді көшірмелерін беруге міндетті. Қордың мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне Директорлар кеңесінің хаттамаларынан, шешімдерінен үзінді көшірмелер корпоративтік хатшының қолымен расталған түрде беріледі. Қажет болған жағдайда корпоративтік хатшы құрылымдық бөлімшенің қызметтік жазбасы негізінде Басқарма Төрағасының қойылған қолымен және Қор мөрінің бедерімен расталған хаттамадан және шешімнен үзінді көшірмелерді ұсына алады.

10-тарау. Директорлар кеңесінің комитеттері

82. Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылады, олардың құзыретіне аудит, стратегиялық жоспарлау, кадр және сыйақы жөніндегі мәселелер, әлеуметтік мәселелер, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарау кіреді. Комитеттің сандық құрамы кемінде 3 (үш) адамды құрайды.
83. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті аясында қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.
84. Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.
85. Комитет немесе Директорлар кеңесі комитеттің жұмысын ұйымдастыру үшін комитеттің хатшысын тағайындайды не оның міндеттерін Қоғамның корпоративтік хатшысы орындайды. Комитет хатшысы комитет отырыстарын өткізуді, отырыстарға материалдар жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ кейіннен барлық тиісті материалды сақтауды қамтамасыз етеді.
86. Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, комитеттердің құрамын, мерзімдері мен өкілеттіктерін айқындайды.
- Комитеттер комитетте жұмыс істеу үшін кәсіби білімі, құзыреті және дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен құрылады. Комитет құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қайшылығының бар-жоғы назарға алынады. Комитет төрағаларының

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	14-бет 24-тен
---	---	------------------

комитеттің қызметін тиімді ұйымдастыру үшін кәсіби құзыреттіліктермен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттері, жақсы коммуникативтік дағдылары болуы қажет.

87. Комитет отырыстарында шешімдерді комитет мүшелері қабылдайды.

88. Комитеттер, қажет болған жағдайда, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды тартады.

89. Комитеттер қажет болған кезде қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыс өткізілетін айды көрсете отырып, Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісілетін өз жұмыс жоспарын (күнтізбелік жыл басталғанға дейін) бекітеді. Комитеттер жылына кемінде төрт рет отырыс өткізеді (қажет болған кезде). Комитеттердің отырыстарын өткізу тиісті хаттаманы ресімдей отырып, дауыс берудің қатысу және сырттай нысандары арқылы жүзеге асырылады. Комитеттердің отырыстарын өткізуге қолайлы жағдай жасау және шығынды қысқарту мақсатында комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі.

90. Комитеттердің Төрағалары өз қызметі туралы есеп дайындайды және жеке отырыста Директорлар кеңесінің алдында жыл ішіндегі қызмет қорытындысы туралы есеп береді. Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта комитеттерден ағымдағы қызмет туралы есепті Директорлар кеңесі белгілеген мерзімде ұсынуды талап етуге құқылы.

91. Барлық комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитеттің құрамы, құзыреті, мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі туралы, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын ішкі нормативтік құжатпен реттеледі. Акционер комитеттер туралы ережемен таныса алады. Комитеттер туралы ереже Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады.

11-тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

92. Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың және оның Акционерінің алдында олардың әрекеттерінен және (немесе) әрекет етпеуінен келтірілген зиян үшін және Қорға келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікті көтереді.

12-тарау. Директорлар кеңесінің қызметін және оның мүшелерінің жұмысын бағалау

93. Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағаланады. Бағалау әдістері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын жақсарту үшін сырттан тәуелсіз консультант тарту болып табылады. Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізу қажеттілігі туралы шешімді Директорлар кеңесі кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің ұсынымы негізінде қабылдайды. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

94. Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігін, Басқармамен байланысты айқындауға, комитеттер мен Директорлар кеңесі мүшелерінің оның жұмысына тартылуын арттыруға, Директорлар кеңесінің, комитеттердің және корпоративтік хатшының жұмысын жақсартудың басым бағыттарын айқындауға бағытталған.

95. Директорлар кеңесінің және оның жекелеген мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі бағалау болып табылады және ол Директорлар кеңесінің жаңа және жұмыс істеп жүрген мүшелері үшін лауазымға кірісу мен оқытудың тиімді және тиісті бағдарламаларын әзірлеуге көмектеседі. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, сонымен қатар

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	15-бет 24-тен
---	---	------------------

акционерлердің өкілдері (жалғыз акционер) үшін де және Директорлар кеңесінің құрамына енгізілсе, Басқарма Төрағасы үшін де жүргізіледі.

96. Бағалау жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, жасырындылық сияқты өлшемшарттарды қолдана отырып жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу барысы, мерзімдері мен тәртібі Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

97. Директорлар кеңесінің Төрағасы бағалау жүргізу процесіне және оның нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға жауапты болады.

98. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жылдық есебінде Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

99. Ационер Директорлар кеңесіне өз бетінше дербес немесе өз есебінен сырттан тәуелсіз консультантты тарта отырып, бағалау жүргізе алады. Акционер жүргізетін бағалау кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалау қорытындылары, Қор қызметінің нәтижелері, негізгі қызмет көрсеткіштерін орындау ескеріледі.

100. Директорлар кеңесі өткен жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің есебін ұсыну арқылы жыл сайын Акционердің алдында өз қызметі туралы есеп береді.

Директорлар кеңесінің есебінде:

- 1) есепті кезеңде жұмыс істеген Директорлар кеңесінің құрамы;
- 2) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының саны, отырыстарының нысаны, сондай-ақ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің өзі құрамына кіретін Директорлар кеңесі мен комитеттің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат;
- 3) Директорлар кеңесі қараған мәселелер туралы ақпарат;
- 4) Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы есеп, оның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттердің жекелеген ұсыныстарын және (немесе) ұсынымдарын қабылдамау себептерін көрсету арқылы;
- 5) Қордың тұрақты дамуы бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шаралар, тәуекелдің негізгі факторлары;
- 6) Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілі және оның нәтижелері бойынша қабылданған шаралар;
- 7) Қор қызметінде елеулі маңызы бар өзге де ақпарат көрсетіледі, бірақ бұлармен шектелмейді.

101. Директорлар кеңесінің есебін корпоративтік хатшы жасайды, оған Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды, Қордың жылдық есебінің құрамына енгізіледі және Акционерге ұсынылады.

13-тарау. Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы беру және олардың шығысын өтеу

102. Қор Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға сыйақы төлейді.

Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесінің міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төленбейді.

103. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мүдделі тұлғаларға Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлардың сыйақыларының мөлшері туралы мәліметтерді жариялайды. Акционер Қордың жыл сайынғы мәселелерін қараған кезде Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлар мен Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы Акционерге хабарлайды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	16-бет 24-тен
---	---	------------------

104.Сыйақы Акционердің шешімімен айқындалатын мөлшерде төленеді. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға сыйақы мен өтемақы төлеу талаптары, мөлшері және тәртібі Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленеді.

105.Директорлар кеңесі мен комитеттерінің отырыстарында Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор қатыспаған жағдайда сыйақы төлеу Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжатта белгіленеді.

106.Қор Директорлар кеңесінің мүшелеріне:

1) Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлар үшін Директорлар кеңесі Төрағасының бұрыштамасы негізінде, Басқарма Төрағасының не оның орнындағы адамның бұйрығымен ресімделген, Директорлар кеңесі Төрағасының тапсырмасы бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің Қордың қызметіне байланысты қызметтік тапсырманы орындау және (немесе) оқу үшін белгілі бір мерзімге жол жүруіне байланысты;

2) Директорлар кеңесінің отырысына қатысу үшін, оның тұрақты орналасқан жері отырыс өткізілетін жерден тыс болған жағдайда нақты шығыстарын өтейді.

Нақты болу уақыты тиісті растайтын құжаттармен немесе оның отырысқа қатысу фактісімен (Директорлар кеңесі отырысы хаттамасының көшірмесі), сондай-ақ тиісті құжаттармен (жол жүру құжаттары, тұрғын үйді жалдауға ақы төлеуге арналған шоттар және басқалар) расталады.

Директорлар кеңесінің отырысына қатысу немесе оқу мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының шегінде және одан тыс жерлерге сапарға шыққан кезде ұсынылған есептің және шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде, Қордың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген нормалар шегінде қабылдау, таныстыру рәсімін, іскерлік кездесулерді өткізуге өкілдік шығыстарға жол беріледі.

107.Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор ретінде міндеттерді орындауына және (немесе) Қазақстан Республикасының шегінде және одан тыс жерде оқуына байланысты сыйақы беру және шығыстарды төлеу Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор көрсеткен карточкалық (банк) шотына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізіледі.

14-тарау. Қорытынды ережелер

108.Ереже, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар Акционердің шешімімен бекітіледі.

109.Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны немесе Кодексті өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, Ереженің осы нормаларының күші жойылады және Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны және Кодексті басшылыққа алу қажет.

110.Корпоративтік хатшы Ереже мазмұнының өзектілігіне жауап береді.

Басқарма төрағасы

Курманов Ж.Б.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	17-бет 24-тен
---	---	------------------

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 22.05.2025 жылғы
№ 30 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
1-қосымша

**«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
_____ жылға арналған жұмыс жоспары**

№	Директорлар кеңесінің отырысы өткен ай	Күн тәртібіндегі мәселелердің атауы	Бөлімшенің атауы, жауапты адамның лауазымы	Өткізу нысаны (қатысу/сырттай дауыс беру)
жылғы 1-тоқсан				
жылғы 2-тоқсан				
жылғы 3-тоқсан				
жылғы 4-тоқсан				

* Осы жоспарда көзделген мәселелер түпкілікті емес. Қажет болған жағдайда «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі осы жоспарға енгізілмеген мәселелерді қарайды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	18-бет 24-тен
---	---	------------------

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 22.05.2025 жылғы
№ 30 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
2-қосымша

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесіне

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша
түсіндірме жазба (күн тәртібіндегі мәселенің атауы)**

Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтер тізбесі:

- аталған мәселені шығарудың заңды негізі;
- аталған мәселенің туындау мән-жайлары;
- аталған мәселенің мазмұны;
- аталған мәселе бойынша шешімді қарау және қабылдау қажеттілігіне негіздеме;
- ұсынылған шешімді қабылдаған жағдайда болжамды әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдары*;
- ұсынылған шешімді іске асыруға байланысты болжамды қаржылық шығыстар*;
- нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелердің мерзімдері және шешімді қабылдаудан болатын болжамды тиімділік;
- кейіннен ішкі нормативтік құжаттарды қабылданған шешімге сәйкестендіру қажеттілігі*;
- өзге де мәліметтер.

Лауазымы

(қолы)

аты-жөні

* Бұл мәліметтер қажет болған жағдайда көрсетіледі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	19-бет 24-тен
---	---	------------------

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 22.05.2025 жылғы
№ 30 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
3-қосымша

Акционерлік қоғамның толық
атауы:

Акционерлік қоғам Басқармасының
атауы және орналасқан жері:

Отырыс өткізілетін орын:

Отырысты өткізудің күні мен
уақыты:

_____ ЖЫЛҒЫ «_____» _____ : _____

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі отырысының
хаттамасы**

№ _____

«_____» _____ ЖЫЛ

Қатысқандар:

Директорлар кеңесінің Төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Қатыспағандар:

Директорлар кеңесінің мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Шақырылғандар: (шақырылған Қор қызметкерлерінің және (немесе) шақырылған
адамдардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

Корпоративтік хатшы: (тегі, аты, әкесінің аты).

Күн тәртібі:

1. (күн тәртібіндегі мәселенің атауы).

2.

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша (баяндамашының аты-жөні және
лауазымы көрсетіледі) ... (баяндамашының күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеген сөзі
қысқаша баяндалады).

Мәселені талқылаған жағдайда мәселені талқылауға қатысқан адамдардың аты-жөні
және олардың түсіндірмелерінің қысқаша мазмұны көрсетіледі).

(Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі (бар болса)

Күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, (мәселені шешу
жобасы бойынша ұсыныс) ұсынылды.

Дауыс беруге қойылған шешім жобасы:

...

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	20-бет 24-тен
---	---	------------------

Дауыс беру нәтижелері:

- жақтағандар: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен аты-жөні)
- қарсы: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен аты-жөні)
- қалыс қалды: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен аты-жөні)

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша

...

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашылардың сөйлеген сөзін, Директорлар кеңесі мүшелерінің пікірлерін тыңдап және ұсынылған құжаттарды қарап, (Қор Жарғысының ережелері көрсетіледі, оның негізінде Директорлар Кеңесі шешім қабылдайды) **ШЕШТІ:**

1. Бірінші мәселе бойынша:

(шешімнің тұжырымы жазылады).

2. Екінші мәселе бойынша:

(шешімнің тұжырымы жазылады).

3.

Директорлар кеңесінің шешімдері осы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қосымшалар: (хаттамаға қоса берілетін құжаттар)

Директорлар кеңесінің Төрағасы _____
(Аты-жөні)

Корпоративтік хатшы _____ (Аты-жөні)

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	21-бет 24-тен
---	---	------------------

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 22.05.2025 жылғы
№ 30 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
4-қосымша

*Акционерлік қоғамның толық
атауы:*

*Акционерлік қоғам Басқармасының
атауы және орналасқан жері:*

Отырыс өткізілетін орын:

*Сырттай дауыс беруді өткізудің
бастамашысы туралы
мәліметтер:*

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің шешімі**

№ _____

_____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің отырысы Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасына және барлық мүшелеріне сырттай дауыс беру үшін құжаттарды және бюллетендерді жіберу арқылы пікіртерім жүргізу арқылы өткізілді.

Директорлар кеңесінің мүшелерінен белгіленген мерзімде алынған сырттай дауыс беру бюллетендеріне сәйкес дауыс беруге **қатысқандар:**

Директорлар кеңесінің Төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. *(күн тәртібіндегі мәселенің атауы).*
2.

1. Бірінші мәселе бойынша:

(күн тәртібіндегі мәселенің мазмұнын қысқаша айтып шығу)

2. Екінші мәселе бойынша:

(күн тәртібіндегі мәселенің мазмұнын қысқаша айтып шығу)

3. ...

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	22-бет 24-тен
---	---	------------------

Белгіленген мерзімде алынған «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетендері бойынша **қаралған мәселелері бойынша** дауыс берудің мынадай қорытындылары айқындалды:

(дауыс беруге ұсынылған шешімнің жобасына байланысты мәселе):

- жақтағандар: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен аты-жөні)
- қарсы: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен аты-жөні)
- қалыс қалды: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен аты-жөні)

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі дауыс берудің қорытындылары бойынша ШЕШТІ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

(шешімнің тұжырымы жазылады).

2. Екінші мәселе бойынша:

(шешімнің тұжырымы жазылады).

3.

Директорлар кеңесінің шешімдері осы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қосымшалар: (хаттамаға қоса берілетін құжаттар)

Директорлар кеңесінің Төрағасы _____(Т.А.Ә.)

Корпоративтік хатшы _____(Т.А.Ә)

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	23-бет 24-тен
---	---	------------------

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 22.05.2025 жылғы
№ 30 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
5-қосымша

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі мүшесінің (тәуелсіз директордың)
сырттай дауыс беруге арналған
БЮЛЛЕТЕНІ
(Тегі, аты, әкесінің аты)

Акционерлік қоғамның толық атауы: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамы

Акционерлік қоғам Басқармасының атауы және орналасқан жері:

Сырттай дауыс беру қорытындыларын өткізу орны:

Сырттай дауыс беру қорытындыларын өткізу күні мен уақыты:

Сырттай дауыс беруді өткізудің бастамашысы туралы мәлімет: _____

Дауыс беруді өткізу туралы ұсыныс келіп түскен күн: _____

Бюллетеньді ұсынудың түпкілікті күні: _____

1. Директорлар кеңесі мүшелерінің қарауына шығарылған мәселе:

_____ (күн тәртібіндегі мәселенің атауы)

Дауыс беруге қойылған мәселе: _____

(шешімнің тұжырымы жазылады)

***Дауыс беру:** таңдалған бағанға қол қою қажет

мәселенің №	«ЖАҚТАҒАНДАР»	«ҚАРСЫ»	«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»
	1*	2*	3*
	қолы	қолы	қолы

2. ...

Директорлар кеңесінің мүшесі ерекше пікір болған жағдайда жазбаша нысанда ресімдейді және сырттай дауыс беру бюллетеніне қоса беріледі.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже	24-бет 24-тен
---	---	------------------

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережені
келісу парағы**

Лауазым атауы	Аты-жөні	Қолтаңбасы	Ескерту
Ішкі аудит департаментінің директоры	А. Кошербаева		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының бастығы	А. Жукенова		
Заң департаментінің директоры	Н. Бактыбаев		

Осы арқылы қағаздағы туынды құжат электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес келеді.

Өзірлеуші:

Корпоративтік хатшы

(қолы)

Косакова А.А.